

**2021- 22 оқу жылының 01.09-01.10.2021ж. аралығында өткен
Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасына
қатысты психологиялық-педагогикалық, педагогикалық
тәжірибелердің қорытынды**

Е С Е Б І

Тәжірибе – жоғары кәсіби білімнің қосалқы бөлігі. Оның көмегімен мамандық бойынша алынған теориялық білім, әрі қарай дамиды, тереңдейді. практикалық дағдылар мен құзіреттілік, сонымен қатар кәсіби тәжірибе қалыптасады.

Кәсіби практика жоғарғы оқу орнында берілген теорияның білімді, практикалық дағдылар мен құзіреттілікті, сонымен қатар кәсіби тәжірибені қалыптастыруға арналады.

«Математика пәнінің мұғалімі», «Математика және физика пәнінің мұғалімі» мамандықтарының 3 курс, 2 курс(3ж) студенттері 01.09.21-01.10.21 ж.ж. уақыт аралығында «Педагогикалық», «Психологиялық - педагогикалық» практикаларынан өтуге Атырау қаласындағы ЖББОМ жіберілді. Әдіскер ретінде «Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының оқытушылары Ибрашова Д.Х., Джаныханова Г.М., Шығанақова А.Т. бекітілді.

Қорытынды конференция 8 қыркүйек күні “онлайн” форматта 6B01501-“Математика пәнінің мұғалімі” мамандығы студенттеріне, 11 қыркүйек күні “офлайн” форматта 6B01508-“Математика және физика пәнінің мұғалімі” мамандығы студенттеріне өткізіліп, студенттердің рефлексивті есебі тыңдалды және олардың жұмыстарына әдіскерлер пікірлерін білдіріп, оң баға берді. Тапсырылған құжаттары бойынша пікірлер айтылды. Есепте белсенді оқыту мен оқуды ұйымдастырудың артықшылықтары мен қиындықтары, оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес сараланған тапсырмаларды қолданудың нәтижесі, сабақ барысында диалог орнату және тиімді сұрақтар қою нәтижесі, қалыптастырушы бағалау тиімді болуы үшін жасалған қадамдар, одан арғы даму бағыттары көрсетілді.

Студенттердің берген есебіне тоқталсақ, сараман кезінде мектеп мұғалімдері мен әдіскер-оқытушылардың көмегімен талап етілген жұмыстардың барлығын жауапкершілікпен сәтті аяқтап, көп нәрселерді үйреніп, жоғары жетістіктерге жеткендерін айтты. Сабақтарында оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді қолданған.

Жаңа білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес студенттер сыни ойлау стратегияларын қолданғандықтарын айтты. Мысалы «Артығын алып таста», «Сәйкестендір», «Сөйлемді толықтыр», «Жоқ сөздерді тап», «Ыстық орындық», «Домино», «Білім ағашы», «Жұбын тап», «Үндемес», «Пазл» т.б. Күнделікті сабақта «бағдаршам», «күлегештер», «бас бармақ», «от шашу», «мадақтау және ынталандырушы сөздер», «жетістіктер жолағы», «шапалақтау» әдістерін тиімді қолданумен қатар, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағында ұсынылған тапсырмаларды немесе өздері құрастырған тапсырмаларды беру арқылы бағалап отырды. Яғни, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланыс үнемі қамтамасыз етілді және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, арнайы дескрипторлары бар бағалау қолданылып отырды.

Студенттер білім алушыларды жеке тапсырмалардың критерийлерімен таныстыру, дескриптор құру, сұрақтарды тиімді қою, ауызша және жазбаша кері байланысты қамтамасыз ету, сыныптасын және өзін-өзі бағалауға үйрету, жалпы оқу үдерісін ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктерімен іс жүзінде танысқандығын айтты. Сонымен қатар, мұғаліммен бірге математика пәндерінің оқу мақсаттары мен бағалау

критерийлеріне сәйкес бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар құрастырып және БЖБ, ТЖБ өткізу және нәтижелерін талдау үдерісіне қатысып, балл қойып, ата-аналарға арналған ақпараттан тұратын рубрика дайындау жұмыстарына қатысты.


Әдіскерлер мектептің мұғалімдері студенттердің өткізген сабақтарына, өздерін ұстауы, сөйлеу мәдениетіне, балалармен жұмыс жасау қабілеттеріне, жалпы даярлықтарына көңілдері толғандығын айтып, алғыстарын білдіргенін жеткізді.

Ата-аналар жиналысы, мектепшілік шараларға қатысқандарын әсерлі баяндады. Сыныптың оқушылары арасында тәрбие сағаттары және тәрбие шараларын ұйымдастыруда жақсы жетістіктерге ие болғандарын баяндады.

Әдіскерлер мектептің мұғалімдері студенттердің өткізген сабақтарына, өздерін ұстауы, сөйлеу мәдениетіне, балалармен жұмыс жасау қабілеттеріне, жалпы даярлықтарына көңілдері толғандығын айтып, алғыстарын білдіргенін жеткізді.

Кафедра меңгерушісі :
Практика бойынша практика жетекшісі:

Н.К.Шаждекеева
Т.Н.Ахмурзина










"Натурал сандардың еселігі мен бөлгіші" атты тақырыпқа Ашық сабақ өткіздім



- Участники (32)
- Амурзина Т.Н. (H)
- К.Н. Досмайт... (Организатор)
- Латипа Жассылық
- Айгерим
- Алмира
- Дина Нурсултанова
- Moldir Zhomart
- Аялана
- Аружан Алымбетов
- Аружан Қосбаева
- Асия Ахмедова
- Асия
- Асылбекбаева Асия
- Алжан Жанатқызы
- Бақдаулет
- Батымұлы Дәуренсұлтан
- Динара Хамидова



Дистанционный классный час



- Участники (37)
- Амурзина Т.Н. (H)
- К.Н. Досмайт... (Организатор)
- Любовь Чернова
- Айгерим
- Almira
- Дина Нурсултанова
- Elmira Galimova
- Moldir Zhomart
- Аялана
- Аякса Старова
- Аружан Алымбетов
- Аружан Қосбаева
- Асия Ахмедова
- Асия
- Асылбекбаева Асия
- Алжан Жанатқызы



